

2. Berkowitz I. «Social Choice and Policy Formulation: Problems and Considerations in the Construction of the Public Interest», «The Journal of Sociology & Social Welfare: Vol. 6: Iss. 4, Article 9. 1979. – access mode: <https://scholarworks.wmich.edu/jssw/vol6/iss4/9>
3. Kugelberg H. Social choice problems with public reason proceduralism. *Economics and Philosophy*, 1-20 2021
4. Ritzer J., Stepnitsky J. «Theory of sociology». – Almaty: public Foundation «National Translation Bureau», 2018. – 856b.
5. Kogelmann B. Aggregating out of indeterminacy: Social choice theory to the rescue/ *Politics, Philosophy&Economics*. 2017; 16(2):210-232. doi: 10.1177/1470594X17693995
6. Kurrild K. «Empirical social choice: an introduction». *Public choice*. 158 (3-4) 2014. P.297-310. DOI:10.1007/s11127-014-0164-4 . ISSN 0048-5829.
7. Van Diemen A. «On the empirical significance of the Condorcet paradox». *Public choice* // 2014. 311-330. DOI: 10.1007/s11127-013-0133-3.
8. Amartya Sen *The Possibility of Social Choice/ American economic review/ Vol. 89, No. 3, june 2019. pp. 349-378*
9. Putilo N.V. *Social rights in post-industrial society. Monograph/ «Prospect», 2021-158c.*
10. Kogelmann B. *Public reason's chaos theory. Episteme, 16(2) 2019. pp. 200-219*
11. Golovanov A.A. *The category of social choice in the context of socio-philosophical discourse/ Bulletin of OSU No. 7/ July 2007 pp.21-28. – access mode: [http://vestnik.osu.ru/2007\\_7/8.pdf](http://vestnik.osu.ru/2007_7/8.pdf)*
12. List Ch. *Social Choice Theory/ The Stanford Encyclopedia of Philosophy (Spring 2022 Edition), Edward N. Zalta (ed.), forthcoming – access mode: <https://plato.stanford.edu/entries/social-choice/>*
13. Nitsan Sh. *Collective Preference and Choice/ Cambridge, UK: Cambridge University Press 2010. ISBN 978-0-521-72213-1*
14. *Stanford Encyclopedia of Philosophy. «Social Choice Theory» – access mode: <https://plato.stanford.edu/entries/social-choice/> Accessed July 26, 2021*
15. *Stanford Encyclopedia of Philosophy. «Arrow's Theorem» Accessed July 26, 2021. – access mode: <https://plato.stanford.edu/entries/arrows-theorem/>*
16. Brock T. *Paradox of Rationality January 04, 2022 – access mode: <https://www.investopedia.com/terms/p/paradox-rationality.asp>*

FTAMP 11.09.09

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-8940.02>

С.Т. Шылмамбетов\*

*Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, Қазақстан*

## ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ТҰСЫНДА ЖӘНЕ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДІТТЕР ЖӘНЕ ЕЛ ІШІНДЕГІ ДІНИ САЯСАТ

### *Аңдатпа*

Мақалада Қазақстандағы ХХ ғасырдың басындағы жәдітшіл қозғалыстың қарқынды жұмыстары мен кеңес үкіметі тұсындағы дін саясаты жөнінде тарихи деректерге шолу жасалған. Сонымен қатар қазақ интелгенциясының білім саласын реформалаудағы жәдіттік мектептердің үлес қосқандығы жөнінде нақты мұрағат деректері арқылы көрсетілген. Патшалық Ресей тұсындағы жәдіттік мектеп өкілдерінің ұлттық интелгенциядағы орнымен еңбектері сараланып тұщымды дәйектермен нақтыланған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі Қазақстандағы мұсылмандық ахуалға қатысты саясаты мұрағат деректері арқылы нақты келтірілген. Мақалада ХХ ғасырдың басынан бастап кеңестік биліктің репрессиялық саясатының қарқынды түрде іс жүзіне асуына дейінгі кезең қамтылған. Тарихи деректерді зерттеу нәтижесінде жәдітшіл мектептер мен медреселердің қазақ қоғамындағы табанды саяси көзқарастың қалыптасуына сүбелі үлес қосқандығы тарихи деректер арқылы дәлелденген.

**Түйін сөздер:** жәдітшілік, жәдіттік мектептер, медресе, патша үкіметі, қазақ интелгенциясы, діни көзқарастар, ұлттық қозғалыс, коммунистік идеология.

*Шылмамбетов.С. Т.\**

*Международный казахско-турецкий университет имени Ахмета Ясави,  
Туркестан, Казахстан*

## **ДЖАДИДЫ И РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ПРОАВЛЕНИЯ ЦАРСКОЙ РОССИИ И ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ**

*Аннотация*

В статье представлен обзор динамичной работы джадидского движения в Казахстане в начале XX века и религиозной политике при советской власти. Кроме того, вклад казахской интеллигенции в реформу образования отражен в актуальных архивных данных. Была проанализирована и прояснена роль представителей джадидской школы в царской России в национальной интеллигенции. Политика мусульманского правительства в Казахстане после установления советской власти четко отражена в архивах. В статье рассматривается период от начала XX века до бурного проведения репрессивной политики советской власти. В этой связи исторические данные показывают, что джадидские школы и медресе внесли значительный вклад в формирование сильного политического мировоззрения в казахстанском обществе.

**Ключевые слова:** джадидизм, джадидские школы, медресе, царское правительство, казахская интеллигенция, религиозные взгляды, национальное движение, коммунистическая идеология.

*Shylmambetov S. T.\**

*Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkestan, Kazakhstan*

## **THE JADIDS IN KAZAKHSTAN DURING THE REIGN OF TSARIST RUSSIA AND IN THE EARLY YEARS OF THE SSSR AND THE RELIGIOUS POLITICS IN THE COUNTRY.**

*Abstract*

The article reviews the historical data on the dynamic work of the jadid movement in Kazakhstan in the early twentieth century and the politics of religion under the Soviet government. In addition, the contribution of the Kazakh intelligentsia to the reform of education is reflected in the actual archival data. The place of the representatives of the Jadid school in tsarist Russia in the national intelligentsia was analyzed and clarified with productive arguments. The policy of the Muslim government in Kazakhstan after the establishment of the Soviet government is clearly stated in the archives. The article covers the period from the beginning of the XX century to the rapid implementation of the repressive policy of the Soviet authorities. As a result of studying the historical data show that Jadid schools and madrassas made a significant contribution to the formation of a strong political outlook in Kazakh society.

**Keywords:** Jadidism, Jadid schools, madrasa, the tsarist government, Kazakh intelligentsia, religious views, national movement, communist ideology.

### **Кіріспе**

Қазақстандағы жәдітшіл ұлттық интеллигенцияның қалыптасу мәселесі отаршыл жүйенің қысымына қарамастан, өнеркәсіп, мәдениет, білім беру және қоғамдық өмірдің басқа да маңызды салаларына әсер еткен кешенді және ұзақ процесс болды. XX ғасырдың басында Қазақстанда болған әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістер қазақ қоғамының рухани-ағартушылық саласына терең әсер етті. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі түбегейлі өзгерістер халықтың қоғамдық сана-сезімінің айтарлықтай өзгеруіне ықпал етті және қазақстандық қоғамдағы жаңа идеяларды, ойларды, көзқарастарды қалыптастыруды анықтайтын ұлттық сәйкестікті оятты. Осы тұрғыда жәдітшіл мектептер мен медреселер қазақ қоғамындағы табанды саяси көзқарастың қалыптасуына сүбелі үлесін қосқан.

### **Зерттеу әдістемесі**

XX ғасырдың басында жәдіттік мектеп өкілдерінің еңбектері қазақ тарихындағы өзіндік орны бар құндылығымен ерекшеленеді. Бұл мақала жазылу барысында тарихи деректерді талдау және статистикалық мәліметтерді сараптау арқылы жазылды. Осыған байланысты зерттеу тақырыбы бойынша әртүрлі әдістер қолданылды. Салыстырмалы әдісті қолданудағы мақсат тараптардың ұстаным-

дарын айқындау арқылы нақты нәтижеге жету болды. Зерттеуде тарихи негізгі көздерге назар аударылды. Осы тұрғыдан тарихи зерттеу әдісін қолдануға басымдық берілді. Тарихи деректерді зерттеу нәтижесінде жәдітшіл мектептер мен медреселердің қазақ қоғамындағы саяси көзқарастың қалыптасуына өзіндік үлесінің болғандығы тарихи деректер арқылы дәлелденген. Қазақстандағы жәдіттік оқу ағарту саласының саясатын Ы. Гаспыралы мен И. Ильминский арасындағы идеялық текетірес деген ғылыми тұжырым жасайтын зерттеушілер де баршылық. Олардың арасында Б.А. Кенжетаевтің зерттеулеріндегі «далалық қазақтардың» білімін жетілдіруде татар молдаларының ықпалы мен орыс шовенистерінің арасындағы бәсекелестік деген ұғымды нақты көрсетуге болады[1,186]. Біз мақалада ХХ ғасырдың басы Қазақстанда зияткерлік әлеуетті дамытудың жаңа кезеңі басталғанымен айқындалатынын, мәдени тұрғыдан бұл, ең алдымен, жәдіттік элитаның өкілдері, белгілі адамдардың арасында, еуропалық мәдениет және жаңа құндылықтар арқылы көрінді. Қалыптасып келе жатқан қазақ ұлттық интеллигенция өкілдері еуропалық білім беру мекемелері мен мұсылмандық мектептер мен медреселерде білім алу барысында шығыстағы ұлттық қозғалысқа ғана емес, сонымен қатар батыстың саналық мәдениетін өзіне сіңіре білді. Осыған байланысты бұл мақалада ХХ ғасырдың басынан бастап кеңестік биліктің репрессиялық саясатының қарқынды түрде іс жүзіне асуына дейінгі кезең қамтылады. Сондықтан бұл мақалада біз жәдіттіктің оқу ағарту саласынан бөлек қоғамдағы орнын айқын көрсету үшін, сол кезеңдегі статистикалық мәліметтерге барынша жүгіндік. Тарихи әдісті қолдана отырып, қазақ зиялыларының мақалалары мен тарихи статистикалық мәліметтерді талдау арқылы зерттеу жұмысымызды ашуға тырыстық. Зерттеудің тарихи әдісіне жүгіну уақыт пен кеңістік тұрғысынан зерттеудегі мәселелердің өзектілігін ашуға мүмкіндік береді.

### **Талқылау**

Мұндай таңдау жасаудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, патшалық биліктің соңғы демінде қазақтың зиялы қауымы жәдіттік идеологияны өзіне сіңіріп, тәуелсіздік жолында бір жағынан сауатты күресін жалғастырса, екінші жағынан ұлт-азаттық көтерілістерге аттанды. Екіншіден, өтпелі кезеңде, яғни патшалық биліктің орынына идеологиясын өзгерткен Ресейдің империалистік саясатының жалғастырушысы ретінде большевиктік-коммунистік жүйенің келу жылдарында қазақтың зиялы қауымы өз мемлекетін құруда нақты қадамдар жасады. Үшіншіден, кеңестік биліктің аграрлық-өнеркәсіптік қайта құру жылдарында ашаршылықтың бірінші толқыны қазақ зиялыларын әлсіретті де, жаңа құрылған коммунистік билік түркі-мұсылман халықтарына қарсы «қызыл террор» саясатын күшейтті. Төртіншіден, Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында, яғни 1931-1933 жылдарында қазақ елі «геноцид» және «этнотцид» саясатына тең келетін ашаршылықтың екінші толқынын басынан кешірді және 1933-1937 жылдары коммунистер мұсылмандық пен түркі халықтарына қарсы қуғын-сүргін саясатының ең қорқынышты тәсілдерін пайдаланды. Осыған қарамастан, елде қазақ зиялыларының бастаған ұлт-азаттық көтерілістері тоқтамады. Белгілі тарихшы Т.Омарбековтың берген мәліметтеріне қарағанда Қазақстанда 1921-1939 жылдарында қазақтар 372 рет ұлт-азаттық көтерілістерге аттанған. Сонымен қатар, жаңа қалыптасқан интеллигенцияның жоғарғы интеллектуалдық тобы қазақ қоғамының мүдделерін қорғауға және рухани құлдыққа қарсы тұрғандығын атап өткен жөн. Әлеуметтік, интеллектуалды және моральдық мағынаға ие ұлттық қазақ интеллигенциясының өкілдері отаршылдық жүйеде ұлттың өміршеңдігін сақтап қалу мен «қанға боялған» болшевиктік құрылыстың ішінен шығып, жаңа егеменді қоғам мен дербес мемлекетке деген көзқарасын айқындап берді.

### **Нәтижелерді талдау**

ХХ ғасырдың басында Қазақстанда күрделі саяси және әлеуметтік жағдай қалыптасты. 1905-1907 жылдардағы алғашқы орыс революциясы, 1914-1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы, капитализмнің дамуы және нәтижесінде Ақпан, революциясы, сонан соң Қазан төңкерісі, түркі-мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының жаңа тарихының маңызды бағдары болды. Мұндай жағдайларда шағын қазақ ұлттық интеллигенциясы тәуелсіздік пен еркіндік үшін күресті бастады, патшалық билік пен патриархалдық және «кері тартушылар» қос омырауынан босатылды. Қазақ интеллигенциясының басты қадамы, ол бүкіл Ресей империясының сарқыншағынан қалған патшалық жүйе мен жаңа коммунистік кезеңінің басталуымен, қазақ қоғамын қозғалысқа шақыру, алғашқы орыс революциясымен қамтамасыз етілген қоғамдық және саяси бостандықтарды қолдануға тырысып, халықты патриархалдық-артта қалушы-

лықтан құтқаруға ұмтылды. Қазақтың зиялы қауымы патшалық мызғымастыққа білім мен ғылым арқылы күресуге бел буды, мемлекеттік тәуелсіздікті иеленуге жол ашты. Бұл әрине күрделі күрестің, қиын қақтығыстар мен ізденістердің жолы болды [1].

XX ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанда демократиялық мәдени дәстүрдің рухында білім беру қызметі жылдам дамыды. Бір жағынан жәдіттік білім беру жүйесі қалыпқа келген болса, екінші жағынан барлық жерде бастауыш мектеп, орыс-қазақ мектептері ашылды. Қазақ жастарының өкілдері Ташкенттегі, Орынбордағы, Омбыдағы, Қазан, Санкт-Петербургте, Томск университетінде оқыды, кейінірек олардың көпшілігі ауылдық жерлерде сабақ берді, ал кейбіреулері медициналық, мәдени, білім беру және әкімшілік мекемелерде қызметтерін жалғастырды. Дәстүр мен мұсылмандық білімді өзіне сіңірген, кейіннен зайырлы білім алған қазақтың ұлттық зиялы қауым өкілдері халықты тәуелсіздік жолында елдің дамуына шақырды, білім мен ғылымды, өнер және салт-дәстүрдің маңыздылығын қарабайыр халыққа түсіндірді. Бұл үдерісте қазақ халқының өмірі мен олардың мүдделерін қорғауға ықпал еткен қазақ әдебиетіне үлкен мән берілді.

Саяси білім алған және саяси өмірге бейімделген қазақ интеллигенциясының өкілдері Қазан революциясын және большевиктер партиясындағы жаңа билікті мойындап, әдетте, қазақ даласында білім беру саласын дамытуды жалғастырды. Олар жәдіттік мектептердің белсенділігін бағалады, сонымен қатар орыс тілін білім беру бағдарламасына енгізуге қарсы шықпады. Қазақ зиялылардың арасында өз орнын белгілеген өкілдерінің бірі С.Садвақасов: «Орыс-қырғыз мектептері нені білдірді? Олар миссионерлік орталықтарды қалыптастырды, онда қазақ жастары православ дінін қабылдау үшін белгілі бір жолмен дайындалды. Қазақтардың балалары өздері орыс-қырғыз мектептеріне бармады. Орыс-қырғыз мектептері, олардың күш-жігеріне қарамастан орыстандыру саясатын жүргізді. Бұл мектептердің орнына жаңа әдісті мектептердің пайдасы көптеу кейінірек бұл мектептерден жаңа ұлтжанды буын тәрбиеленеді» деп, қазақ зиялы қауымның қай мектептерден білім алу қажеттілігін ашып берді [2, 325б]. С.Садвақасовтың айтуынша революцияға дейінгі орыс-қазақ мектептерінен білім алып шыққан қазақ жастары отаршылдық әкімшіліктің қызметін атқаратын кадрлар ретінде қалыптасты және революцияны түсінбеген саяси сенімсіз «зиялыларды» шығарды, ал жаңа әдісті мектептердің артықшылықтары, ол жаңа буынға имандылық пен тәуелсіздіктің мәнін түсіндіріп берді. Сонымен қатар С.Садвақасовтың сөзіне қарағанда, қазақ халқының прогрессивті ағартушылыққа қол жеткізгеннің арқасында қазақ жастары «тәуелсіз өмірге және саналы шығармашылыққа» қол жеткізді. С.Садвақасов қазақ қоғамын жаңа қоғамға айналдыру жолында шешетін маңызды мәселелердің қатарына ағартушылық міндетін қойды, ол «Білімсіз адам тірексіз үйге ұқсайды» қазақтың бірқатар даналы сөздерін халық арасында сіңіруге тырысып «**Екінші қазақтың ескеретін ісі – оқу. Оқу -тұрмыстың зор тіреуі. Оқусыз адам – уықсыз тігілген үй секілді... Басқа жұрт біздің ісімізді істеп бермейді... Біздің хукіметтің үлкен міндеті – оқу ісін ілгері бастыру.....**» мақал-мәтелдерді дәріптеді [3].

XX ғасырдың басында қазақ интеллигенцияның өзінде екіжақты ұстаным мен көзқарастық-идеологиялық бөлушілік байқалды, оның бір бөлігі мұсылман мәдениетін нығайту жолындағы қазақтардың ерекшелігін сақтауға, екіншісі ресей мәдениетінің арқасында өз халқын «бостандыққа» жетелеуге ұмтылды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы жәдіттік элитаның басым бөлігі қазақтардың этникалық бірегейлігі мен мәдениетін және әлеуметтік-саяси шоғырлануын қалыптастыру үшін елеулі жұмыстар атқарды. Жаңа құрылған большевиктік жүйенің орталықтандыру үрдістерін арттыруы мен жалпыұлттық схема бойынша басқару жүйесін біріздендіру, жәдітшіл қазақ элитасының мазасын қашырды. Оған қосылған орыстық білім алған қазақтың бірегей зиялылары салыстырмалы түрде патшалық биліктің, сонан соң коммунистердің қарқынды қоныс аудару саясатын сынады. Ақпан революциясынан кейін қазақтың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін бұзу, жергілікті тұрғындардан жерді тартып алу науқандары жалғасын тапты. Сонымен бірге большевиктердің интеграциялық саясаты тек ресейлік басқару органдарын енгізуге ғана емес, қазақтың әлеуметтік және мәдени нормаларына да ықпал етті. Бұл экономикалық, саяси, мәдени салалардағы төзімсіздік, жәдітшіл және орыстық білім алған қазақтың зиялы қауымын бірігуге негіз қалыптастырды. Олардың ортақ нүктесі қазақ қоғамының діни көзқарасы мен адам құқықтары айналасында шоғырланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңындағы жаппай кедейшілік пен білім берудің тоқырауы халықтың наразылығын ояндырды. Осылайша шыдамы шектен шыққан түркі-мұсылман халықтары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске аттанды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, ел тарихындағы аса маңызды оқиға. Мұны белгілі бір тарихи кезеңде қайталанып отыратын сабақтастық ретінде қарастыруға болады. Яғни соның алдында да, одан кейін де мұндай қозғалыстар орын алғаны белгілі. Оның себептерін біз Ресей империясының озбырлық саясатынан іздеуіміз қажет. Бірақ атап өтетін маңызды мәселе бар. Көтеріліс негізінен барлық түркі-мұсылман халықтарын қамтыды. Ал тарих ғылымы болса, бұл көтерілістің қозғаушы күшін құрастырған түркі-мұсылман халықтарын бір-бірінен ажыратып көрсетуге бейімделген. Оның астарында жәдіттік көшбасшыларды «биліктің сатқындары» мен «контрреволюционерлер» сатысына қойып, түркі-мұсылман халықтарының ортақ мүддесін көрсетпеуге тырысатын орыстық зерттеушілер молынан кездеседі [4,646]. Сонымен қатар 1916 жылғы көтеріліс туралы сөз қозғағанда, Торғай, Жетісу өлкесіндегі толқулардың біршама зерттелгенін айта кету керек. Ал Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Сыр бойындағы халықтың бас көтерулері ондай зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Бұл көтерілістерге кімдер басшылық етті, кімдер белсене қатысты, осының бәрінің нақты бағасын беру керек. Сол секілді кеңес дәуірінде бұл көтерілісті Алаш қозғалысының өкілдері қолдамады, қарсы болды деген пікірлер айтылып келді. Егер Бөкей хандығындағы С.Меңдешев, Жетісудағы Т.Бокин, Маңғыстаудағы Ж.Мыңбаев сынды жетекшілер сол толқулардың басы-қасында ұйымдастырушы болып жүрсе, Алаш қозғалысындағы тағы бір топ қантөгістің алдын алу, халықтың патша жендеттерінің қолынан босқа қырылып қалмауының жолдарын іздестірді [5,36]. Майданға алынғандарға нақты көмектер ұйымдастырды. Олар да өздерінің ұлттық мүдделерін сатқан жоқ. Осының бәрін нақты тарихи шындық деңгейінде саралаудың маңызы зор.

Ұлт-азаттық көтеріліс тұншықтырылғаннан кейін, Қазақстан жері жаңа формациялық кезеңге аяқ басты. Революциялық науқандар қазақ халқы мен оны басқарған саяси элитаға бір үміт бергендей болды. Осы тұста жәдіттер мен орыстық білім алған қазақ зиялы қауымының көзқарастары тағы бөлініп шықты. Жаңа құрылған кеңестік биліктің жүргізген мұндай ынтымақтастық әрекеттері жергілікті мұсылман элитасын өз тарапына тартуға әкеліп соқтырды. Бұл қадамдар исламның кең таралған аймақтарында коммунистік идеологияның ықпалын күшейту үшін жасалды. «Ақ сүйек» өкілдері жаңа социалистік құрылыстың бір бөлігі ретінде Қазақстандық мұсылмандардың бытыраңқылығын жетелеуге міндеттелді. Осыған қарамастан 1917 жылдан бастап 1922 жылдарға дейін, жалпы атеизм басталғанға дейін, жәдіттік ойлар қазақ мұсылмандарының арасында таралуын жалғастырды. Мешіттер мен діни қызметкерлерінің саны біртіндеп өсті. Мысалы, мұрағаттық деректерге қарағанда 1919-1928 жылдар аралығында Жамбыл облысының Шу, Мерке аудандарында, Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам, Ибата, Иқан елді мекендерінде жалпы алғанда 141 мешіт салынды, 1926 жылға қарағанда бұл мешіттерде 207 имам діни қызметін жүргізді, олардың 72-і болса жоғары мұсылмандық білім алды [6,76-776]. Ақпан революциясынан он жеті жыл бұрын Алматы облысында 25, революциядан кейінгі жылдары 9 мешіт салынды. Сол жылдары Қаскелең, Үшқоңыр, Ұзынағаш аудандарында тиісінше 11, сонан соң 61 мешіт бой көтерді [7, 13-14 б ]. Бұл көрсеткіштер Қазақстандағы түркі-мұсылман халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуын айқындайды.

Коммунистік билік органдарының жәдіттер арасындағы қарым-қатынасына келетін болсақ, француз зерттеушілері нақты ғылыми бағасын беруге талпыныс жасағанын аңғарамыз. Олар, азаматтық соғыс кезеңінен кейінгі жылдары стратегиялық себептерге байланысты, кеңестік билік жәдіттерге арналған «қызыл қырғын шабуылдарын» байыппен жүргізгенін алға тартады. Орталық билік исламға және мұсылмандыққа салмақты төзімділік саясатын жүргізді және он жыл бойы тікелей қарсы тұрудан аулақ тұрды [8].

Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі жәдіттерге қарсы ғылыми-атеистік білімді жүйелі түрде ілгерілетуді ұйымдастыру шаралары 1925-1926 жылдары толық көлемде жүргізілді. 1926 жылдан бастап жәдіттік қозғалысқа «антисоветтік сипат» тағылып, көптеген тезистер ресми құжаттарда көрініс тапты, ал 1927 жылы «жұмысшылардың таптық жауы» мәртебесі берілген «исламға қарсы күрес шаралары» қатаң түрде жайыла бастады. 1929 жылы үкіметтің арнайы қаулысында мектептерде ислам дінін оқытуға тиым салынып, жәдітшілер мен орыстық білім алған саяси элитаның арасына іріткі салу мақсатында насихаттар күшейе түсті. Ол үшін атеизм саясатының аясында жергілікті мұсылмандардың әкімшілік құрылымдары таратылды, жәдітшілердің өздерінің арасында жіктелу орын алды. 1931 жылы большевиктердің пікірінше, «қазақ қоғамы арасына исламмен бірге зорлықпен енгізілген араб тілінің» мәртебесі халық санасынан өше бастады [9]. Осылайша, 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдың басында Кеңестік үкіметтің жәдітшілдік қозғалысқа қарсы табанды күрес басталды, өйткені коммунистердің пікірінше, қазақ жерлері өзге мұсылмандық аймақтармен салыстырғанда көшпелілікпен сипатталатын ерекше индивидтік

құрылымға иеленген. Сондықтан, әлеуметтік қатынастарды реттеуші рөліне ие жәдітшілдер коммунистік идеологиямен бәсекелестікке кірген, жеке құндылықтарды қалыптастыратын көзге айналған және жәдітшілдер ішіндегі мінез-құлықты қалыптастыратын арнайы құрылымға айналған-ды [10, 2086].

1928 жылдан бастап, большевиктер социалистік құрылыстың өршіл жоспарларына кірісті. Олар дәстүрлі экономикалық құрылыммен қатар жәдіттік мұсылмандардың өмір сүруіне, ойлау қабілетіне, діни істеріне етене араласа бастады. Кеңестік мемлекет діни төзімділіктен дінсіздіктің мұсылмандар арасында жаппай сіңіруіне көшті, мұсылман мекемелеріне және сенушілерге қарсы ауқымды шабуылдарды бастады. 1924 жылдың қазанында Орталық атқару комитеті және КСРО халық комиссарлары Кеңесінің қаулысы керегінше ислам негіздері мешіттердің жанындағы мектептерде оқытылған болса, 1928 жылдың 28 мамырында КСРО ОАК Президиумы оның күшін жойып, медреселер мен мектептерді күштеп жаба бастады [11,115-1216]. 1928 жылғы 17 қыркүйекте Бүкілресейлік орталық атқару комитеті шіркеулерді, ғибадатханалар мен мешіттерді мәдени және білім беру мекемелеріне «ерікті» кіріптар ету туралы шешім шығарды [12,1246]. Іс жүзінде бұл саяси науқан діни ұйымдардан мүлікті мәжбүрлеп тәркілеумен ауыстырылды. Деректік материалдарға назар аударатын болсақ, тек Оңтүстік, Алматы және Жамбыл облыстарында 1047 мешіттің мүліктері тәркіленді, оның 51-і мектептер мен клубтар пайдасына, ал 838-і экономикалық қажеттіліктерге жұмсалды [13,15-166].

1929 жылы 8 сәуірде Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің және РСФСР Халық комиссарлар кеңесінің «Діни бірлестіктер туралы» бірлескен қаулысы қабылданды, ол өз қызметіне көптеген қосымша шектеулер енгізді. Мұсылмандарға өзара қаржылай көмек көрсетуге, кооперативтерді, өндірістік бірлестіктерді құру және тұтастай алғанда діни қажеттіліктерді қанағаттандырудан басқа кез-келген мақсаттар үшін мүлікті пайдалануға; мешіт имамдарының материалдық көмек көрсетуге; балалардың, жастар мен әйелдердің намаз оқуларына, сондай-ақ жалпы әдеби, қолөнер, еңбек, дін үйрету және т.б., кездесулер, топтар, ұйымдастыруға, сондай-ақ экскурсиялар мен ойын алаңдарын ұйымдастыруға толықтай тиым салынды [14,136].

Мұсылмандар үшін 1925 жылдан бастап, ЖЭС өткен кезеңмен күресудің жалпы стратегиясының бір бөлігі ретінде «шабуыл» (барлық бағыттардағы кемсіту) кезеңімен сипатталады. Жаңа үкімет біртұтастыққа ұмтылды және КСРО аумағындағы аймақтардың дамуының әртүрлі сатыларын біріктіргісі келді. РСФСР НКВД-ның 1929 жылғы 1 қазандағы № 329 қаулысына сәйкес 1930 жылы 1 мамырға дейін қайта тіркелмеген барлық діни бірлестіктер, соның ішінде мешіттер, мектептер мен медреселер «жойылды» деп танылды. Осы сылтаумен Түркістан, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Ақтөбе, Өскемен және т.б. қалаларда мешіттер жаппай жабылды [15,136]. Сонымен қатар, жергілікті билік заңда белгілеген тәртіпке сәйкес өзі жаппай бұзушылықтарға жол берген. Партияның, комсомолдың және басқа да коммунистік идеологтардың қатысуымен діни бірлестіктерді тарату туралы кездесулер ұйымдастырып, мұсылмандардың орнына қол қойған, оларды коммунистік жиналыстарға мүлдем шақырмаған.

Мәселен, 1934 жылы 19 наурызда Созақ ауданындағы ұжымдық шаруашылық қызметкерлерін «тазалауға» арналған ашық жиналыс өткізілді. Жиналыс аяқтағаннан кейін, «адамдар тараған кезде, төраға:» Күте тұрыңыз, міне, біз мешіттің ғимаратын балабақшаға бердік. Келіспейтіндер бар ма? Колхозшы әйелдер қолдарын көтеріп «біз қолдаймыз» деді. Мешіттің имамы А.Темірболатов сөз сөйлегісі келгенде, оған рұқсат берілмеді. Аудандық өңірлік атқарушы комитетінің хаттамасын мақұлдауын күтпестен, 1934 жылы желтоқсанда ауылдық кеңес астықты сақтауға арналған сол мешітті басып алды. Мұсылмандар бұйымдарын жеке үйдің біріне тасыды, бірақ жергілікті билік оларға бөлмеде жұрт алдында намаз оқуға тиым салды. 1935 жылғы 10 қаңтардағы шағымында мұсылмандар: «Молда бар болса да, жиналатын жер жоқ. 1934 жылы барлық салықтар төленді, бірақ 70 рубль мөлшерінде айыппұл талап етілуде» – деген уәждерін білдірген [16,1476].

Осыған ұқсас жағдай Шымкенттің Сайрам мекенінде болды. 1934 жылдың қыркүйегінде егін жинаудан кейін, «уақытша» ауылдық кеңес мешіттің ғимаратына жаңа жинаған астықты жинап оны қоймаға айналдырған. Мұсылмандарға астықты қоймаларға тасымалдайтынын уәде еткен жергілікті басшылар сөзін орындамады. Мұсылмандар болса шартты түрде өздерінің атындағы мешіттің барлық салықтарын үнемі төлеп тұрған. Жеке үйде намаз оқуға өкімет рұқсат бермеген. Ақырында, 1935 жылы жергілікті билік мұсылмандар арасында жиын өткізіп, Сайрам мешітінің 2 жыл бойы жабық болатынын мәлімдеді және оны жабуға шешім қабылдады [17,117 б].

Ислам дінін қоғамдық өмірден мүлдем жойып тастау мақсатында түрлі шаралар белсенді пайдаланылды. Мешіттер мен басқа да мұсылмандық мекемелер шектен тыс салықтар мен міндетті сақтандыру жарналарын төлеуге мәжбүрленді. Бұған дейін жәдітшіл мұсылман дінбасылары салық төлеушілердің барлық санаттары үшін бірыңғай салық төлеп келді. 1924 жылы пайдаға салынатын салық туралы ережеге сәйкес, оның ең жоғары санаты 37,5% құрады, 1926 жылдан бастап, діни қызметкерлер пайдасыз табыс бойынша өмір сүретін адамдарға теңестірілді, олар үшін максималды табыс салығының мөлшері 67,5 %, ал 1927 жылдан 81 % дейін өсті [18,121-1226].

1930-1937 жж. мемлекеттік атеистік науқан шеңберінде Ақтөбе, Павлодар, Ақмола, Өскемен, Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында барлық мешіттер мен мұсылмандық білім беру мекемелері жабылды. Осы уақытқа дейін тіркелген мешіттердің жалпы саны революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда РСФСР-да 35%, ал бүкіл Кеңес Одағында 27% дейін төмендеді. Мешіттердің мемлекеттік мекемелерге берілуімен бірге, діни қызметкерлердің жаппай тұтқындауы жүргізілді. 1930 жылдары тек Шымкент қаласы сотының үкімімен 12 мешіт имамы ату жазасына кесілді [19,42-436].

Большевиктердің әлеуметтік-мәдени жүйесі абсолюттік билікке ұмытылды, жәдіттік көшбасшыларға әсер ететін мыңжылдық тәжірибесі бар исламға қарсы күшті бәсекелестіктің болуын қаламады. Тек айрықша жағдайларда, яғни коммунистік идеологиясының сәтсіздіктері белең алған жағдайларда, большевиктік саяси үдерістер жәдіттермен ынтымақтастыққа дайын екендігін мәлімдеп тұрды.

КСРО Ғылым академиясының Діндер тарихы мұражайының қызметкерлері 1937 жылғы бүкілодақтық санаққа дайындалу барысында «КСРО діндерінің картасын» жасап, оған әртүрлі діни топтар туралы деректер жинағын жасады [20,786]. Негізгі жұмыстар КСРО Ғылым академиясының және Мемлекеттік материалдық мәдениет академиясының қызметкерлері тарапынан жүргізілді. Діни зерттеулер КСРО халықтарының өмірін жан-жақты зерделеуге бағытталған бағдарламалардың бөлігі ретінде өткізілді. Сондықтан КСРО құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының жәдіттік көшбасшыларының зерттеулері бойынша арнайы комиссия қызметкерлері айналысты, сонымен қатар КСРО халықтарын зерттеу институты, Тіл және ойлау институты, Антропология және этнография мұражайы мен көптеген басқа ұйымдар Қазақстан КСР-і құрамындағы түркі-мұсылман халықтарының ерекшеліктерін арнайы ғылыми еңбектерін жариялады [21,31 б ]. XX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасында атластар, карталар, анықтамалықтар, библиографиялық зерттеулер жүргізілді. Үшінші бесжылдықта этнографиялық көп томдық энциклопедияны шығару жоспарланып, КСРО халықтарының арнайы діни-этнографиялық карталары жасалды. XX ғасырдың 30-шы жылдардағы негізгі оқиғалардың бірі, ол 1937 жылдың қаңтарында жүргізілген бүкілодақтық санақ болды, оның нәтижесі 1937-1938 жж. қызыл террорға ұласты. Бұл санақтың Қазақстандағы мұсылмандардың дәрежесі мен қоғамдағы қызметін анықтау жағынан аса маңызды болып табылады.

Алдыңғы кеңестік санақтар 1920, 1923 және 1926 жылдары өткізілді, ал 1932 жылғы санақ ол болжамды түрде өткізілді. Араларында он бір жыл өткен 1926 жылғы санақты 1937 жылғымен салыстырғанда, үлкен айырмашылық назар аудартады. Бірінші кезекте еліміздегі мұсылмандар екіге бөлініп қарастырылды, олар «прогрессивті» (жәдітшіл немесе сауатты), екіншісі «қарабайыр мұсылмандар». Соған байланысты демографиялық ахуалдың құлдырауы, яғни ашаршылық салдарынан халықтың тең жартысының қырылуы, екіншіден осы аралықта кеңестік биліктің ғалымдарға жасаған «қызыл террордың» ұйымдастырылуы елдегі діни жағдайды күрт нашарлатты. Нәтижесінде 30-шы жылдардың ортасында еліміздегі фольклор, этнография, діни тәжірибені зерттеумен айналысатын жергілікті тарихшылар мен ислам діні өкілдерінің арасындағы жоғарғы білім алған зиялы қауым қуғын-сүргінге ұшырады, олардың басым бөлігі ату жазасына кесілді [22,111 б ].

Санақ мамандар тарапынан өз деңгейінде өтті. Ғалымдар аймақтардағы барлық халықты қамту мақсатында халықаралық тәжірибені зерделеп, ел ішіндегі халықтың тіпті діни көзқарастарын да анықтаған. Ол үшін әлеуметтанушылар, этнографтар және дінтанушылар арнайы сұрақтар мен нұсқаулықтарды әзірлеген. Дегенмен, Кеңес үкіметінің басшыларын санақ қорытындылары қанағаттандырмады, бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені санақ нәтижелері трибуналардан ресми түрде жарияланған санмен сәйкес келмеді [23, 7 б]. Билік басшыларының КСРО-ның жалпы халық саны емес, оның діни жағдайы наразылығын ояндырды. Себебі, 1930-шы жылдардың басында коммунистер феодализмнің және капитализмнің қалдықтары ретінде көрген исламның социалистік мемлекетте түбімен жойылғанына сенімді болды, сол уақытта мұсылмандар ішінара шарифат заңдарымен өмір сүрген тек жасы келген, қартайған халықты кіргізді. Ал санақ болса «керісінше мәліметтерді» берді: біріншіден, жас ерекшелігі назар аудартады, 16 жастан бастап, орта буын

халықтың дінге деген көзқарастары жалпы есебінің 56,7 % құрастырды, екіншіден исламға деген ұстамдылықтары нақты шаруалардың үштен екісінің діни білімі және қала тұрғындарының үштен бірі, олардың ішінде жұмысшылар мен жастардың пайыздық деңгейі өте жоғары тұрды [24, 91б]. Санақ жүргізілгеннен кейін үш айдың ішінде оның ұйымдастырушылары, санақ бюросының басшысы О.А. Квиткин және «дін» санағы бойынша бесінші бапқа қатысты нұсқаулар дайындаумен айналысқан оның орынбасары Л.С. Брандгендлер мен Халықтық-шаруашылық орталығының есепке алу басқармасының бірқатар мамандарымен көптеген статистиктер және санақ жүргізушілер қуғын-сүргінге ұшырады [25, 78-81 б ].

Санақ қорытындылары мен діни мекемелердің статистикалық шынайылығы «санақтың нәтижелерін бұрмалау» деп айыпталды. 1937 жылдың 25 қыркүйегінде Халық Комиссары Кеңесінің шешімімен 1937 жылғы бүкілодақтық санақ «статистикалық ғылымның қарапайым іргетастарын өрескел бұзумен, сондай-ақ үкімет бекіткен нұсқаулықтардың бұзылуымен жүргізілгенін» жариялады, бірақ діни бірлестіктер туралы ешқандай мәселе бұл жолы қозғалмады. Барлық санақ нәтижелері жарамсыз деп танылды, оның материалдары жіктелді және тек XX ғасырдың 90-жылдарының соңында ғана ғалымдар зерттеуге мүмкіндік алды [26].

Санақ жүргізуге дайындық кезінде респонденттердің діни көзқарасы туралы ең қиын мәселе болды. Алдыңғы кеңестік санақтарда бұл сұрақ қойылмаған болатын. Зерттеушілер сауалнамаға дінге байланысты сұрақтың енгізілуі туралы шешімді И.В. Сталиннің тапсырмасы ретінде қарастырады. Осылайша Кеңестік билік халық санағының арқасында КСРО-ның атеизмді ілгерілетуде үлкен жетістіктерге қол жеткізгенін көрсеткісі келді, ал нәтижесінде деректер ел ішіндегі исламға деген ұстамдылығын болжай алмады. Кеңестік статистика діннің қоғам ішіндегі маңызын анықтағысы келді, бірақ «тарихи тұрғыдағы» исламның халықтың тамырына дәстүрмен бірге сіңгенін есепке алмады.

Бірқатар деректерде 1937 жылғы санақ «атылғандар санағы» деп сипатталады. Бұл сипаттаудың төрінде И.В. Сталиннің 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтың қорқынышты салдары мен қатарынан жүргізілген санақтардың сандарын жасыруға және олардың мұрағат қорларында «аса құпиялы» белгісі бар саптарда сақталуын тапсырғандығынан аңғаруға болады [27,9-26 б ].

Халық санағы исламға деген ресми түрде қатыстылығын анықтады және діни ахуал туралы мәселе көтермеді, себебі Қазақстандағы алдыңғы қатарлы оқыған және жәдіттік көзқарасы бар мұсылмандар «халық жауы» қатарына жатқызылды. Қазақстанда ашаршылық пен қуғын-сүргіннен кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрт нашарлады. Оны санақ ұйымдастырушылары да мойындап, діни тәуелділік мәселесіне жауаптардың дұрыс емес болуы мүмкін екендігін атап өткен және адам өзінің діни қасиетін әрдайым нақты түсіндіре бермегендігін немесе оның жауабы ықтимал салдардан қорқу ішінде қасақана бұрмалануы мүмкін деген тұжырым жасаған [28]. Осы уақытқа дейін Қазақстан аумағында мешіттер мен оған қарасты барлық діни мекемелер жабылып, жәдіттік қозғалыстардың жетекшілері қудаланды. Бұл жағдайда кейбір діндарлар өздерінің діни көзқарасын жасыруға тырысты, ал басқалары, керісінше, өздерінің діндар екендігін жарияласа, соғұрлым коммунистік билік мешіттер салуға рұқсат беретініне сенді, басқалары бұл мәселеден қорқып, мүлдем жауап бермеді. Зерттеушілердің санаққа қатысты білдірген пікірлеріне қарағанда, ел ішінде «сенушілерге салық салынатыны туралы қауесет таралып», өзін исламға қатысы бар екендігін білдірген мұсылмандар қырғынға ұшырады немесе «сенушілердің барлығын тірідей өртеп, балалары мектептен шығарылды» [29,6-63 б ]. Ал оқыған мұсылмандар болса жаппай қамауға алынды немесе ату жазасына кесілді.

Санақ дайындаған статистиктер мәселеге өте жауапты түрде қарады. Олар үшін арнайы нұсқаулық дайындалды және онда діни мәселеге байланысты сұрақ қою ережелері егжей-тегжей жазылды, респондент сұраққа қай діни топқа қатысы бар екендігін формальды түрде емес, керісінше өз діни көзқарасы мен ұстанымын нақты көрсетуге тиіс болды. Сауалнамаға 16 жастан асқандар ғана тартылды. Егер респондент өзін атеист деп есептесе, оны солай деп белгілеген, ал «діндар» деп айтса, қай дінге қатысты екендігін айқындауы мәжбүр болды [30,32 б ]. Осы санақтық сауалнамаға байланысты Қазақстанның әрбір аймағының мұсылмандары көптеп шоғырланған аймақтары белгіленді және коммунистік билік соған қарай сүргін саясатын жоспарлы түрде жүзеге асырды. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанның Түркістан өңірі, Сарыағаш ауылдары, Орал облысының Жымпиты ауданы, Алматы облысының Үшқоңыр мен Ұзынағаш елдімекендері, Жамбыл облысының Шу ауданы және т.б. кеңестік билік тарапынан «діни жағынан аса қауіпті аймақтары» деп белгіленді [31,91 б ].



1939 жылдың 17 қаңтарында КСРО халық санағы қайтадан жүргізілді. 1939 жылғы халықты «қайта санау» бағдарламасына сәйкес 16 бап ойластырылды. Оның 7 бабында «мұсылмандардың діни ұстамдылығын ескеру мәселесі мемлекеттік қадағалануында» деп белгіленді. Осыған қарамастан, санақ қажетті нәтиже бермеді, оның қорытындысы «түзетіліп», Қазақстанда мұсылмандықтың аса әсері жоқ екендігі жазылды [32]. Қазақстанда 1939 жылғы шынайы халық санының өсім динамикасы жоғары етіп көрсетілді және халық санағының есебінде тіркелген халықтың 13% -ын құрады [33]. Нәтижесінде, 30-шы жылдардағы халқы ең көп демографиялық шығынға ұшыраған республика үшін этникалық құрамы мен оның діни ұстамдылық көрсеткіштері айтарлықтай бұрмаланған болатын. Жасырын нұсқаулардан 1939 жылғы республикалық санақ нәтижелері екі рет өзгергенін білеміз. Алдымен ауылдық жерлерде жиналған санақ парақтарына республикадан тыс жерде орналасқан лагерьлерден жасалған тұтқындардың санақ тізімдері қосылды. Содан кейін ауыл халқының сандары, сондай-ақ қалалық тұрғындар туралы нақты деректер белгілі бір пайызға артты [34].

### Қортынды

Жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе бұл зерттеу жұмысымызда екі мәселені бұл мақаламыздың тұжырымы және жаңалығы деп қозғауға негіз бар деп есептейміз:

1. Заманауи зерттеулер мен жаңа ашылған деректер кеңес дәуіріндегі жәдіттік қозғалыс пен мұсылмандықтың еліміздегі халықтың мәдени және діни болмысын сақтаудағы қызметі билік тарапынан үнемі репрессиялық сипатта қарсы алынды. Сондықтан жәдіттік қозғалыстың қоғамдағы терең ролі бар екендігін осы құжаттар нақтылайды. Мысалға, жәдіттердің қоғам ішіндегі «ұлттық», «жергілікті» және «халықтық» сынды ұғымдарын таратудағы еңбектерін ішінен жоюға тырысқан биліктің ресми шараларын зерделеу арқылы объективті ғылыми бағасын қоюға мұрындық бола алады. Сондықтан еліміздегі исламның өміршеңдігін сақтаудағы жәдіттердің ролі мен коммунистік биліктің ғылыми айналымға енгізген «ислам социализмі» және «радикалды молда, имам, ишан» сынды терминологияның идеялық маңызы іспетті аз зерттелген проблемалар қазіргі кезде ерекше мәнге ие.

2. Большевиктердің үгіт-насихаты коммунистік доктрина ретінде емес, ең алдымен мұсылмандардың мүдделерін қанағаттандыратын мемлекеттік құрылыс ретінде құрылды. Ал Кеңес үкіметінің заңнамалық актілері, большевиктердің насихаттары, Қазақстандағы жәдіттік қозғалысты «панисламизм» мен «пантүрікшілдікпен» байланыстырып, кез келген діни әрекеттің алдын алуға бағыттады. Кеңестік үкіметтің өкілдері өздерінің ұлттық саясатын жүзеге асыруда мұсылмандардың ұлттық және діни сезімдерін барынша жоққа шығарумен әлек болды. Большевиктер мұсылман қоғамын, олардың даму тенденцияларын, сипаттамаларын коммунистік атеистік саясаты аясында заң торабына жығып, орыс мәдениетіне кіріптар етуді мақсат тұтты.

Жоғарыда аталған тұжырымдарды сараптай отырып, біздің мақаламызға арқау болған тақырыптың аясын бір мақала көлемінде баяндап өту мүмкін емес, сондықтан алдағы уақытта зерттеушілеріміз тарихи статистикалық мәліметтер қорына көптеп қалам тартуы керек деп есептейміз. Біздің мақаламыз патшалық Ресей мен КСРО-ның алғашқы жылдарындағы жәдіттердің еңбектерінен және ел ішіндегі жүргізілген діни саясаттан біршама ақпараттар береді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Кенжетаяев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань, 1998. – С. 18
2. Чатыбекова К.К. Казахстан в начале XX века. – Алматы, 2001.
3. Садуақасұлы С. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – 1 т. – Алматы: Алаш, 2003. – 325 б.
4. Садуақасов С. Қазаққа не керек? // Өртен газеті. – 1922. – № 6.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 64 б.
6. Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы: Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары. – Алматы, 1999. – 3 б.
7. РМ ӘСТМ, 606 қор, 4 тізбе, 37 іс, 76-77 парақтар.
8. РМ ӘСТМ (Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты), 606 қор, 4 тізбе, 124 іс, 13-24 парақтар.
9. Frede V. Doubt, Atheism, and the Nineteenth-Century Russian Intelligentsia. – Madison, WI: University of Wisconsin Press, 2011.

10. *Peris D. Storming the Heavens: The Soviet League of the Militant Godless. – Ithaca, NY: Cornell University Press, 1998*
11. *Лебина Н. Б., Чистиков А. Н. Обыватель и реформы. Картины повседневной жизни горожан в годы НЭПа и хрущевского десятилетия. – СПб., 2003. – С. 208.*
12. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 173 іс, 115-121 парақтар.*
13. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 173 іс, 124 парақ.*
14. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 246 іс, 15-16 парақтар.*
15. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 395 іс, 13 парақ.*
16. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 395 іс, 13 артқы парақ.*
17. *ҚР ОММ, 119 қор, 1 тізбе, 211 іс, 147 парақ.*
18. *РФ ММ, Р-5263 қор, 1 тізбе, 1632 іс, 115, 117 парақтар.*
19. *РФ ММ, Р-5263 қор, 1 тізбе, 1632 іс, 121-122 парақтар.*
20. *РФ ММ, Р-5263 қор, 1 тізбе, 1455 іс. 42-43 парақтар.*
21. *Штырков С. Советские корни этнического традиционализма // Неприкосновенный запас. – 2011. № 4 (78).*
22. *Бромлей Ю.В. Новая обрядность – важнейший компонент советского образа жизни // Социалистическая обрядность и формирование нового человека. – Киев: Политиздат Украины, 1979. – С. 31.*
23. *РМ ӘСТМ, 4648 қор, 1 тізбе, 450 іс, 111 парақ.*
24. *РМ ӘСТМ, 4648 қор, 1 тізбе, 29 іс, 7 парақ.*
25. *РМ ӘСТМ, 4648 қор, 1 тізбе, 789 іс, 91 парақ.*
26. *РМ ӘСТМ, 4648 қор, 1 тізбе, 450 іс, 78-81 парақтар.*
27. *Жиромская В.Б., Киселев И. Н., Поляков Ю.А. Полвека под грифом «секретно». Всесоюзная перепись населения 1937 года. М.: Наука, 1996.*
28. *Алексенко А.Н. Население Казахстана в 1926-1939 гг. // Компьютер и историческая демография / Под ред. В.Н. Владимирова. Барнаул: Алтайский государственный университет, 2000. С. 9- 26.*
29. *Гозулов А. И. Переписи населения СССР и капиталистических стран (опыт историкометодологической характеристики производства переписей населения) / Под ред. акад. С. Г. Стумилина. – М.: ЦУНХУ, 1936.*
30. *Волков А. Г. Перепись населения 1937 года: вымыслы и правда // Перепись населения СССР 1937 года. История и материалы. Экспресс-информация. Выпуск 3-5 (часть II). – М.: Информцентр, 1990. – С. 6-63.*
31. *ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 27 іс, 32 парақ.*
32. *ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 65 іс, 91 парақ.*
33. *Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991.*
34. *Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989.*
35. *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – № 7.*

#### References:

1. *Кенжетев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань, 1998. – С. 18*
2. *Chatybekova K.K. Kazakhstan v nachale XX veka. – Almaty, 2001*
3. *Sadiyaqasuly S. Tanymdıq zertteuler, makalalar. – 1 t. – Almaty: Alash, 2003. – 325 b*
4. *Sadiyaqasov S. Kazakka ne kerek? // Orten gazetі. – 1922. – № 6.*
5. *Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty, 1995. – 64 b.*
6. *Otan tarihinyn tagılımdary jane Kazakhstan qogamynyn qayta jangyrui: Xalıq birliгі jane ulttiq tarix jilina arnalğan gylimi sessianyn materyaldari. – Almaty, 1999. – 3 b.*
7. *RM ASTM, 606 qor, 4 tizbe, 37 is, 76-77 paraqtar.*
8. *RM ASTM (Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarix muragaty), 606 qor, 4 tizbe, 124 is, 13-24 paraqtar.*

9. Frede, Victoria. *Doubt, atheism, and the nineteenth-century Russian intelligentsia*. University of Wisconsin Press, 2011.
10. Peris, Daniel. *Storming the heavens: The Soviet league of the militant godless*. Cornell University Press, 1998.
11. Leбина N. B., Chistikov A. N. *Obyvatel' i reformy. Kartiny povsednevnoy zhizni gorozhan v gody NEPa i khrushchevskogo desyatiletiya*. – SPb., 2003. – S. 208.
12. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 173 is, 115-121 paraqtar.
13. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 173 is, 124 paraq.
14. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 246 is, 15-16 paraqtar.
15. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 395 is, 13 paraq.
16. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 395 is, 13 artqy paraq.
17. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 211 is, 147 paraq.
18. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1632 is, 115-117 paraqtar.
19. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1632 is, 121-122 paraqtar.
20. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1455 is, 42-43 paraqtar.
21. Shtyrkov S. *Sovetskiye korni etnicheskogo traditsionalizma // Neprikosnovennyy zapas*. –2011. № 4 (78).
22. Bromley YU.V. *Novaya obryadnost' – vazhneyshiy komponent sovetskogo obraza zhizni // Sotsialisticheskaya obryadnost' i formirovaniye novogo cheloveka*. – Kiyev: Politizdat Ukrainy, 1979. – S. 31.
23. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 450 is, 111 paraq.
24. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 29 is, 7 paraq.
25. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 789 is, 91 paraq.
26. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 450 is, 78-81 paraqtar.
27. Zhiromskaya V.B., Kiselev I. N., Polyakov YU.A. *Polveka pod grifom «sekretno». Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1937 goda*. M.: Nauka, 1996.
28. Alekseyenko A.N. *Naseleniye Kazakhstana v 1926-1939 gg. // Komp'yuter i istoricheskaya demografiya / Pod red. V.N. Vladimirova*. Barnaul: Altayskiy gosudarstvennyy universitet, 2000. S. 9- 26.
29. Gozulov A. I. *Perepisi naseleniya SSSR i kapitalisticheskikh stran (opyt istorikometodologicheskoy kharakteristiki proizvodstva perepisey naseleniya) / Pod red. akad. S. G. Stumilina*. – M.: TSUNKHU, 1936.
30. Volkov A. G. *Perepis' naseleniya 1937 goda: vymysly i pravda // Perepis' naseleniya SSSR 1937 goda. Istoriya i materialy. Ekspres-informatsiya. Vypusk 3-5 (chast' II)*. – M.: Informtsentr, 1990. – S. 6-63.
31. KR OMM, 708 qor, 26 tizbe, 27 is, 32 paraq.
32. KR OMM, 708 qor, 26 tizbe, 65 is, 91 paraq.
33. *Statisticheskii sbornik po otдел'nym pokazatelyam Vsesoyuznykh perepisey naseleniya 1939, 1959, 1970, 1979 i 1989 gg.* – Alma-Ata: Respublikanskiy informatsionno-izdatel'skiy tsentr, 1991.
34. Tatimov M.B. *Sotsial'naya obuslovlennost' demograficheskikh protsessov*. – Alma-Ata: Nauka, 1989.
35. Abylkhozhin ZH.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B. *Kazakhstanskaya tragediya // Voprosy istorii*. – 1989. – № 7.

FTAMP 04.51.59

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-8940.05>

А.Қ. Нурғалиев \*

Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «КИЕЛІ», «ҚАСИЕТТІ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ДІНИ ДИСКУРСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Дін феноменологиясы бұл ұғымдарды түрлі бағытта әлеуметтік, әлеуметік мәдени контекст тұрғысынан қарастырады. «Кие» ұғымы жаратушы тарапынан тіршілік иесіне берілген Құдайылық, құдыреттілік деген мағынаға саяды. Бұл ұғымдар көбінесе табиғатпен байланысты (жан-жануарлар, өсімдіктер, су, бұлақ, қайнар көздері т.б.) болады. Ал «қасиеттілік» ұғымы дәстүрлі және постдәстүрлі қазақ мәдениеті мен дүниетанымында әулие, әулиелік ұғымдарымен сабақтас жаратушы тарапынан адам баласына берілген ерекше құндылықтар деп қабылдауға болады.